

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ЖЕКЕ СӨТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ



БӘРІ АЛИМЕНТ ТУРАЛЫ
ақпараттық кітапша



Астана қ., 2025 жылы

Оқырманның назарына: осы кітапшада QR-кодтарға телефон камерасын жақындатып, толық ақпарат алуға мүмкіндік бар.



*© Қазақстан Республикасы
жеке сот орындаушыларының Республикалық палатасы*



«Балаға өмір сыйлаған адам оны нанмен ғана емес, баспанамен де қамтамасыз етуге міндетті екенін есте ұстауы керек»

— Абылай хан, қазақ ханы, саясаткер.

«Бала – қуаныш қана емес, жауапкершілік те. Оған қамқорлық туғаннан бітпейді, өмір бойы жалғасады»

— Қазыбек би, қазақтың мемлекет қайраткері.

«Бала ата-анасының екіге бөлінген тағдырынан зардап шекпеуі керек. Оған қамқорлық жасау әрбір адам үшін ең маңызды міндет болуы тиіс»

— Жамбыл Жабаев, қазақ ақыны.

Алимент бұрыңғы әйелге төлейтін қаржылық масыл деген қате түсінік қоғамда тарап кеткен, ал шын мәнінде ол баланың асырауына, оның толық дамуына арналған ақша.

Кейбір батыс елдерінің заңнамасында алимент ұғымы: «**alimony**» (жұбайын, туыстарын асырау) және «**child support**» балаларды асырау дегенге бөлінген. Екіншісі балаға қаржылық көмекпен бірге кең ауқымды көмекпен қамтамасыз етеді: білім беру, емдеу шығындары, баланың өміріне араласып, эмоционалдық қолдау көрсетіледі.

Экономикадан американдық Нобель сыйлығының лауреаты Джеймс Хэкман былай дейді: «...балалардың дамуына ерте инвестициялау ұзақ мерзімді перспективада оң нәтижесін бере отырып, білім беру, экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштерін жақсартуға ықпал етеді. Ерте инвестициялау жарқын болашақтың негізін қалайды, балалардың армандарына қол жеткізуге тең мүмкіндік береді».

Алимент, әрине, балалардың әл-ауқатын сақтауда маңызды рөл атқарады, әсіресе отбасылық байланыстар үзілген жағдайда. Дегенмен, анағұрлым маңызды міндет – ата-ананың екеуі де баласын барлық қажеттілікпен: қаржылық жағынан да эмоционалды түрде **қамтамасыз ете алатын отбасын сақтауға деген ұмтылыс**. Бала қорғалғанын және өзін бақытты сезінетін тұрақты атмосфераны қалыптастыратын ата-ананың арасындағы түсіністік пен ынтымақтастық. Осылайша, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды жаңғыртуға және сақтауға баса назар аударып, алимент қажеттілігін азайтумен балаларымыздың жан-жақты дамуына көмек береміз.





Ажырасу көп жағдайда ойланбай, тез қабылдаған шешім екеніне көзіміз жетті. Мәселен соттарда отбасылық жанжалдарды шешу процесінде және атқарушылық іс жүргізу кезінде татуласулар соған дәлел. Мұндай жағдайларда балалардың бақытты болуы үшін отбасын сақтап қалу, проблемаларды бейбіт жолмен шешу дұрыс екенін түсінеміз.

Кейбір жағдайда отбасын сақтап қалу мүмкін болмаса, ата-ана баланы асырау үшін алимент өндіруге тура келеді.

Жылда Қазақстанның жеке сот орындаушыларының жұмысында ата-анасынан 500 мың балаға алимент өндіру үшін **260-280 атқарушылық іс** тіркеледі. Бұл сандар проблеманың ауқымын ғана емес, сонымен бірге оның терең әлеуметтік салдарын да көрсете отырып, қатты алаңдатады. Жарты миллионнан астам алиментке тәуелді балаларға да, ата-аналары үшін де, тиімді механизмдерді құру қажет.

Сол себептен қарапайым, түсінікті тілде алимент алу процесін толық көрсететін, сонымен бірге халықтың құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған осы ақпараттық буклетті әзірледік.

Мұнда сіз заңды алиментіңізді мүмкіндігінше тиімді алу үшін және жиі кездесетін қателіктерді болдырмайтын құнды мәлімет ала аласыз. Біз өтініш беру тәртібін, атқарушылық іс жүргізу тараптарының құқықтары мен міндеттерін толық көрсеттік. Сонымен қатар сот орындаушыларымен, алимент өндіру процесіне қатысатын ұйымдармен өзара іс-қимыл бойынша кеңес береміз.





- ❖ балалар ата-анасынан;
- ❖ еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларынан ата-аналары алады;
- ❖ мүгедек мұқтаж жұбайы жұбайынан, оның ішінде жүктілік кезінде және баланың туған күннен 3 жылға дейін немесе мүгедектігі бар баланың 18 жасқа толғанша күтім жасау үшін;
- ❖ балаларынан әлде ата-анасынан алимент өндіріп алу мүмкін болмаса, отбасының басқа мүшелері (ағалары, әпкелері, ата-әжесі, немерелері, өгей қыздары, өгей ұлдары).

I вариант. Соттан тыс тәртібі бойынша



Бұдан бөлек, мұндай келісімді медиаторларда, сондай-ақ адвокаттарда немесе заң консультанттарында партисипативтік рәсім тәртібінде жасауға болады.

Сотқа ұсынылатын құжаттар:

1. Талап арыз;
2. Жеке куәліктің түпнұсқасы мен көшірмесі;
3. Растайтын құжаттардан: неке туралы немесе ажырасу туралы куәлік, баланың туу туралы, әке болуды анықтау туралы және жағдайға байланысты куәліктерді апару керек.



Сотқа арызданғанда нені білу қажет?



- Егер келісіммен алимент төленбесе, өндіріп алушы **өткен мерзімге қарамастан**, алимент өндіру туралы сотқа жүгінуге құқығы бар.
- Алимент сотқа жүгінген кезден бастап өндіріледі.
- Өткен уақыттың алиментін, сотқа жүгінген күннен бастап соңғы **3 жыл мерзімнің** төлемін өндіріп алуға болады, егер **өндіріп алу шаралары қолданылғанын, бірақ борышкер жалтарып**, өндіріп алушы ала алмағанын сот анықтаса.
- ҚР Салық кодексінің 616-бабына сәйкес, алимент өндіріп алу туралы талап арыздар бойынша талапкерлер соттарда мемлекеттік баж төлеуден босатылады.
- **Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар** кәмелетке толмағандардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын даулар бойынша азаматтық істерді қарап, шешім шығарады. Оның ішінде: кәмелетке толмаған ортақ балалары бар ерлі-зайыптылардың арасындағы некені бұзу туралы, әке болуды анықтау және алимент өндіру туралы, алимент мөлшерін өзгерту туралы, алимент төлеуден босату даулар бойынша азаматтық істер.
- Республикалық маңызы бар қалалар мен астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан соттар қарайтын ауданның соттылығына жататын істерді қоспағанда баланың заңды өкілінің өтінішхаты негізінде жоғарыда аталған істер баланың тұрғылықты жері бойынша аудандық (қалалық) соттарға қарау үшін берілуі мүмкін. Өтінішхатты істі сот талқылауына әзірлегенге дейін беруге болады.



Алименттер келесі мөлшерлерде белгіленуі мүмкін:



1. Табыстың немесе өзге де кірістің:

Бір балаға – $\frac{1}{4}$ бөлігі;

Екі балаға – $\frac{1}{3}$ бөлігі;

Үш немесе одан да көп балаға – $\frac{1}{2}$ бөлігі.



2. Тұрақты ақша сомасында:

(мерзімді уақытта/бір реттік/мүлікті беру арқылы).

*алименттерді ата-ананың табысына және (немесе) басқа кірісіне қатысты үлестік қатынаста өндіріп алу мүмкін болмаған, қиындық тудырған немесе тараптардың бірінің мүдделеріне айтарлықтай нұқсан келтіретін жағдайларда;

*алимент төлеуге міндетті адамның уақытша немесе тұрақты тұру үшін Қазақстаннан тыс жерге шығуы жағдайында



3. АЕК есепленген мөлшерде:

*егер ата-аналар балаларға қосымша ақша төлеуге қатысу тәртібі және шығыстардың мөлшері өзара келісіп белгілемесе

*ата-анасының, жұбайының және отбасының басқа мүшелерінің көмегіне мұқтаж балалар кәмелетке толған мүгедек балалардың пайдасына

Өз бетінше алимент өндіруге қиналсаңыз, кімнің көмегіне жүгінуге болады?

- ❖ Алимент өндіру мәселелері бойынша жеке тұлғаларға заңгерлік кеңес беру түріндегі мемлекет кепілдік берген заң көмегі (МКБЗК) **тегін** көрсетіледі.
- ❖ МКБЗК-не мұқтаж тұлғаның мүддесі үшін оның өкілі заңнамада белгіленген тәртіппен мұндай көмек ала алады.
- ❖ Тиісті өтінішхат берген тұлға оның МКБЗК алуға құқығын растайтын құжаттарды ұсынуы қажет.

Мұндай көмекті

адвокаттар алқасынан немесе заң кеңесшілері палатасынан ала аласыз.



Сот актісін шығарғаннан кейінгі әрекеттер

Атқару парағын сот орындаушысына мәжбүрлеп орындауға **ұсыну/беру** қағаз жүзінде де, электронды түрде де жүзеге асырылады.

Сот процессі аяқталғаннан кейін, атқару парағын **электрондық түрде борышкердің тіркелген жері бойынша ЖСО өңірлік палатасына беру** және орындауға жіберу үшін **сотқа арыз жазу ұсынылады.**

ЖСО өңірлік палатасы борышкердің тіркелген жерін ескеріп, атқару парағын жеке сот орындаушылар арасында **бөлінеді.**

Атқару парағы қай сот орындаушының жұмысына түскенін, оның **телефон нөмірін** білу үшін, тиісті өңірлік палатаға жүгіну керек.

Көрсетілген QR кодын сканерлеп, байланыс телефон нөмірін біле аласыз



Атқарушылық іс жүргізумен танысу және өтініштерді онлайн режимде беру үшін Сіз АІЖОААЖ-дағы «Тараптар кабинеті» электрондық сервисі арқылы тіркеле аласыз.

Ол үшін aisoip.adilet.gov.kz сайтында тіркеліп, көрсетілген QR-кодты сканерлеу қажет



Сот орындаушысына борышкер туралы белгілі барлық мәліметтерді қосымша ұсыну/хабарлау ұсынылады.

Маңызды ақпарат!

- Алатын алиментті басқа атқарушылық іс бойынша өндіріп алмау үшін, **арнайы шот ашып**, сот орындаушысына ондай шоттың бар екендігі туралы анықтама беру қажет.
- Алимент өндіруші сот орындаушысына аванс төлеуден босатылады.





Атқарушылық іс қозғалғаннан кейінгі сот орындаушысының әрекеттері

- ▶ **Сот орындаушысы** тараптарды атқарушылық іс жүргізудің қозғалғаны туралы **хабардар етуге міндетті**.
- ▶ Бұл ретте сот орындаушысы **борышкердің жұмыс орнын** тексереді, егер ол жұмыспен қамтылған болса, жұмыс берушіге жалақыдан алимент ұстау туралы атқару парағын жібереді.
- ▶ Алимент **3 айдан астам** төленбесе, сот орындаушысы қарызды анықтап, ұйғарым шығарады.
- ▶ Қарыз борышкер табысының барлық түрлерінен, болмаған жағдайда – **Қазақстан Республикасындағы орташа айлық жалақыға** сүйене отырып айқындалады. (*Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша 2024 жылғы 4-тоқсанда орташа айлық жалақысы 434 982 теңгені құрады).
- ▶ Алимент ұсталатын жалақы және (немесе) өзге де кіріс түрлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді.

3 айдан астам қарызы бар борышкерге қолданылатын мәжбүрлеу шаралары:

- ▶ Банк шоттарындағы ақшаға және мүлкіне тыйым салу;
- ▶ Мүліктен айыру және мөрлеу;
- ▶ Борышкерге белгілі бір әрекеттерді жасауға, соның ішінде мүлікке иелік етуге тыйым салу;
- ▶ Басқа тұлғалардың борышкерге мүлік, оның ішінде ақша беруіне тыйым салу;
- ▶ Қазақстан Республикасынан шығуға уақытша шектеу қою, арнайы құқықтар (жүргізуші куәліктері) мен лицензияларды беруге, соның ішінде олардың әрекетін тоқтата тұру.

Борышкер жұмыс істемесе және табысы болмаса, сот орындаушысы жұмысқа орналастыру шараларын қолданады, егер борышкер жалтарса, оны әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс жасайды.

- ❖ Егер борышкер жұмыс жасайтын болса, оның жалақысынан қарызы мен ағымдағы алимент өндіріледі.
- ❖ Егер ағымдағы алимент $\frac{1}{2}$ бөлігінде (50%) белгіленсе, онда қарыз борышкердің басқа табыстарынан/ақшасынан, мүлкінен өндіріледі.



Атқарушылық іс жүргізу тараптарының жалпы құқықтары

- ❖ Атқарушылық іс жүргізу материалдарымен, оның ішінде электронды түрде танысу.
- ❖ Олардан үзінді, көшірме жасау.
- ❖ Атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша сот орындаушысының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) немесе шешімдеріне шағымдану.

Өндіріп алушының құқықтары



- Егер ата-ананың жалақысынан және (немесе) өзге де табысынан алимент өндіру мүмкін болмаса, қиын болса немесе бір тараптың мүдделері едәуір бұзылса, сот ай сайынғы өндірілетін алимент мөлшерін белгіленген бір сомасынан әйтпесе бөліктен де **тұрақты ақша сомасынан да анықтауға құқылы**.
- Егер борышкер алимент төлеуден жалтарса және өз баласын асырауға бағытталған тиімді шараларды қолданбаса, өндіріп алушы борышкердің асырауға мүмкіндігі бар **ата-анасынан алимент өндіріп алу туралы** сотқа арызбен жүгінуге құқылы. Ол үшін тұрғылықты жері бойынша сотқа бөлек талаппен арыздану қажет.
- Алимент төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда борышкерді ҚР ҚК-нің 139-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы ішкі істер органдарына арыз бере алады.
- Алимент уақтылы төленбеген жағдайда әрбір кешіктірілген күнге төленбеген алимент сомасының 0,1% мөлшерінде **тұрақсыздық айыппұл** өндіру үшін сотқа жүгіну қажет.
- Борышкерден алимент уақтылы төлемеген жағдайда келтірілген барлық **залалдарды, тұрақсыздық айыбын** өндіріп алу үшін сотқа жүгіне алады.



Борышкердің құқығы



- ▶ Сот борышкердің талап арызы бойынша оны алименттер бойынша қарыздан **толық немесе ішінара босатуға құқылы**, егер алимент төлемеудің себебі осы тұлғаның ауруы немесе басқа да орынды себептермен байланысты екендігін және оның материалдық және отбасылық жағдайы туындаған қарызды өтеуге мүмкіндік бермейтінін анықтаса.
- ▶ Егер басқа атқарушылық құжаттар бойынша борышкердің жалақысынан алимент ұсталатын болса, **сот алименттің бұрын белгіленген мөлшерін өзгертуге құқылы**.
- ▶ Егер **өндіріп алушы** алиментті баланың асырауына, тәрбиелеуіне және оқытуына жұмсамаса, сот борышкердің өтініші бойынша алименттердің жұмсалуды туралы **ай сайын жазбаша есеп борышкерге беруге міндеттеуге құқылы**.
- ▶ Егер алимент алатын бала борышкермен тұруға кетсе, ал өндіріп алушы алимент алудан бас тартпаса, алимент төлеуден, берешектен босату осы ата-ананың сотқа берген өтініші беру арқылы жүргізіледі.




Борышкердің жұмыс берушісінің міндеттері:



- ❑ Ай сайын жалақы түскен күннен 3 күн ішінде, борышкердің жалақысынан, басқа да кірістерінен алимент ұсталып, борышкердің есебінен өндіріп алушыға аудару керек.
- ❑ Борышкердің жұмыстан шаққаны туралы, егер жаңа жұмыс орны мен тұрғылықты жерінің мекенжайы белгілі болса **жеке сот орындаушысына және өндіріп алушыға 3 күн ішінде хабарлау керек.**

Егер жұмыс беруші ЖСО-ның шешімдері мен заңды талаптарын орындамаса немесе борышкердің жұмыс орны мен тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы айтпаса, жеке сот орындаушысы ҚРӘҚБК 670 бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныс жібереді



- ❑ Егер мәжбүрлеп орындату сатысында тараптар қандай да бір келісімге келсе, алимент ары қарай төлеудің тәртібі туралы **медиациялық келісім** жасау қажет немесе сот орындаушыға атқарушылық құжатты орындаусыз қайтару туралы арыз жазу керек.
- ❑ Талапкердің алимент өндіруден бас тартуы заңға қайшы және баланың құқықтарын бұзады.



Әр санаттағы тұлғалардан алимент қалай өндіріледі

Зейнеткерлерден - зейнетақыдан 50% ұсталады.



Сотталғандар – егер бас бостандығынан айыру орындарында жұмысқа орналасса, алған табысының 50%-ы ұсталады, егер олар жұмыс істемесе – ай сайын 1 АЕК мөлшерінде ұсталады.



Мүгедектер – I топтағы мүгедектердің жәрдемақысынан алимент ұсталмайды; II және III топтардағы алынатын жәрдемақылардың 25%-дан аспауы тиіс, бірақ жасына қарай немесе ұзақ еңбек сіңіргені үшін төленетін зейнетақыдан ұсталмайды.



Жеке кәсіпкерлер – салық декларациясында көрсетілген шығыстарды алып тастағанда, кірістерден ұсталады.



Шетел азаматтары – шетелдік азаматтан алимент алу үшін, өзіңіздің тұрғылықты жеріңіздегі сотқа жүгінесіз, содан кейін халықаралық конвенциялар шеңберінде алимент өндіру рәсімі борышкердің тұрған елінде жүргізіледі.



Алимент төлеу тоқтатылатын себептері



- Бітемгершілік келісімі жасалып, сотпен бекітілсе.
- Дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасалған кезде.
- Атқару парағы шығарылған сот актісінің күші жойылғанда.
- 18-ге толғаннан кейін алименттік істер бойынша қарыз болмаса. **Егер бала кәмелетке толып, борышкердің қарызы болса, атқарушылық іс алиментті толығымен өндірген соң ғана тоқтатылады.**
- Кәмелетке толмаған балалар 18 жасқа толғанға дейін толық әрекет қабілеттілігіне ие болған (эмансипация) жағдайда.
- Баланы асырап алған кезде.
- Сот алимент алушының еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіру немесе көмекке мұқтаждықты тоқтату деп таныған кезде.
- Бұрыңғы жұбайының көмегіне мұқтаж мүгедек-өндіріп алушы жаңа некеге тұрғанда.
- Өндіріп алушы немесе борышкер қайтыс болған жағдайда.



Пайдалы сілтемелер



- ЮНИСЕФ Казахстан



- «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі



- «Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы



- «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы



- Bala Qorgau жобасы (балаларға және олардың ата-аналарына психологиялық көмек көрсету)



- Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті



- «Жетімдерсіз Қазақстан» жобасы



- «Ұлттық қор – балаларға»



- ОТБАСЫ.HELP жобасы (психологиялық және құқықтық көмек қиын өмірлік жағдайға тап болған отбасыларға)





ҚР ЖЕКЕ СӨТ ОРЫНДАУШЫЛАРЫНЫҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ

Астана қ., Сығанақ к-сі, 43, 2 қабат

Біріңғай байланыс орталығы (WhatsApp бот): +7 708 854 8294

Тел.: +7 (7172) 97-20-58

Email: rpchsikz2@gmail.com

Ресми сайт: www.zhso.kz



@zhso.kz
